ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 16 тамыз №5265-23-00-2/1761 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған №1 мамандандырылған IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ШЕБЕР» атынан Рая Шыныкулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған №1 мамандандырылған IT лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ШЕБЕР» атынан Рая Шыныкулова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ШЕБЕР» атынан Рая Шыныкуловадан мемлекет пайдасына 3 230 (үш мың екі жүз отыз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 822 (бір мың сегіз жүз жиырма екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 16.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2023, судья Сейтжанұлы С., 28.09.2023
5265-23-3-1/1953

келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 16.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2023, судья Сейтжанұлы С., 28.09.2023

5265-23-3-1/1953